Бекітемін: ___________
Мектеп директоры:
Т.Б.Танирбергенов
«_02_»__09__ 2022 ж

Келісемін: ________
Тәрбие ісінің орынбасары:
А.Т.Қосмағамбет
«_02_»_09_ 2022 ж

# Үйірменің аты: «Поэзия әлемі»

Жетекшісі: Ермекова С.С

2022-2023 оқу жылы

**Үйірменің атауы: «Поэзия әлемі»**

**Үйірменің басты <u>мақсаты:</u>жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушыларды қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқуға және қазақ тілі мен әдебиеті бойынша теориялық жұмыстануға дағдыландыру;**

- *Оқушыға поэзияны оқыту, сол оқыған шығармасындағы тілдік-көркемдік ерекшеліктерді таба білуге үйрету;*
- *Әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану арқылы көркем шығарманың тілін түсінуге, сөз мағынасымен жұмыс жасауға дағдыландыру;*
- *Оқушылардың өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйрету;*
- *Лирикалық шығарманы жан-жақты талдай білуге дағдыландыру.*

**Осы мақсат негізінде келесі <u>міндеттер</u> анықталды:**

- *оқушыларды өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;*
- *бағдарламада берілін отырған ақындардың өлеңдерімен байланыстыра отырып, ақындар әлеміне енуге жағдай жасау;*
- *зерттей оқу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру;*
- *жазушышеберлігінекөзжеткізу;*
- *әдеби тіліміздің орфоэпиялық және орфографиялық заңдылықтарын, олардың бір-бірінен айырмашылығын, байланысын меңгерту;*
- *оқушылардың кез келген көркем туындыны келістіре оқуын, көркем шығармадағы сөз сырын, мағынасын ұғындыру.*

**Үйірме бойынша білім алған оқушы оқу жылының соңында күтілетін нәтиже:**

- ***Көркем әдебиеттерді оқуға ынтасы артады;***
- ***Берілген мәтіннен тілдік-көркемдік ерекшеліктерді байқау қабілеті артады;***
- ***Кез келген әдеби шығармаға, қазақ тілінен жан-жақты талдау жасай алады.***

## «Поэзия әлемі» үйірмесінің бағдарламасы

### Түсінік хат

Білім беру жүйесінің талаптары бойынша қазақ әдебиетін оқыта отырып оқушылардың рухани дүниесін байытып, оларға азаматтық, адамгершілік, елжандылық, көркемдік-эстетикалық тәрбие беру және олардың ой-өрісін кеңейтіп, ауызша сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін қалыптастыру көзделеді. Көркем шығарманы оқып-талдау арқылы оқушылар халқымыздың ұлттық құндылықтарын сөз өнері тұрғысынан қабылдауға қажетті білім, білік дағдыларымен қаруланады.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда көркем шығармаға қызығушылық азайып, оқушылардың оқу белсенділігі төмендеп келеді. Ең алдымен мұғалімдер оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, әр түрлі оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, адамның рухани құндылығын арттыратын поэзиялық шығармаларды өз бетімен оқуға ізденуге тәрбиелеуі тиіс. Осындай өзекті мәселелердің шешу жолының бірі ретінде осы бағдарлама ұсынылды. Аталған бағдарламада белгілі ақындардың поэзиясын тереңірек оқытуға және оларды мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру көзделіп отыр.

Бағдарлама жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптарына арналған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік білім стандартының талаптарын ескере отырып жасалды.

Бағдарлама 144 сағатқа жасалған. Оқушылардың өзіндік-зерттеу жұмысын жетілдіру үшін, пәндік теориялық арнайы сағаттар , тәжірибелік (практикалық) жұмыстарға бөлек сағаттар бөлінді. Апталық жүктеме – 2 – 2,5 сағат. Үйірме кестеге сай сейсенбі, бейсенбі күндері өтеді.

Көркем поэзияны оқыта отырып, заманға сай белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру көзделеді.

Үйірменің басты **мақсаты:** жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушыларды қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру;

- Оқушыға поэзияны оқыту, сол оқыған шығармасындағы тілдік-көркемдік ерекшеліктерді таба білуге үйрету;
- Әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану арқылы көркем шығарманың тілін түсінуге, сөз мағынасымен жұмыс жасауға дағдыландыру;
- Оқушылардың өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйрету;
- Лирикалық шығарманы жан-жақты талдай білуге дағдыландыру.

Осы мақсат негізінде келесі **міндеттер** анықталды:

- оқушыларды өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;
- бағдарламада беріліп отырған ақындардың өлеңдерімен байланыстыра отырып, ақындар әлеміне енуге жағдай жасау;
- зерттей оқу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- жазушы шеберлігіне көз жеткізу;
- әдеби тіліміздің орфоэпиялық және орфографиялық заңдылықтарын, олардың бір-бірінен айырмашылығын, байланысын меңгерту;

- оқушылардың кез келген көркем туындыны келістіре оқуын, көркем шығармадағы сөз сырын, мағынасын ұғындыру.

Аталған курс бойынша **білім алған оқушы оқу жылының соңында күтілетін нәтиже:**

- Көркем әдебиеттерді оқуға ынтасы артады;
- Берілген мәтіннен тілдік-көркемдік ерекшеліктерді байқау қабілеті артады;
- Кез келген әдеби шығармаға жан-жақты талдау жасай алады.

**Мұғалімге арналған әдебиеттер:**


1. З.Қабдолов. «Сөз өнері». Алматы, 1991 ж.
2. З.Қабдолов. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970 ж.
3. Р.Нұрғалиев. Өнер алды – қызыл тіл. Алматы, 1974 ж.
4. Р.Сыздықова. «Абайдың сөз өрнегі». Алматы, 1995 ж.
5. Р.Сыздықова. «Сөз құдіреті». Алматы, 1997 ж.
6. Б.Кәрібаева. «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы».Алматы, 1988 ж.
7. Қ.Сыдықов. «Көркемдік өрнектер». Алматы, 1992 ж.
8. «Кел, жастар, біз бір... жол табалық...» атты Ш.Құдайбердіұлы шығармаларын өз бетімен ізденіске бағыттап, қосымша материалдарды пайдалану арқылы оқытуға арналған авторлық бағдарлама. 2011 ж.
9. «Төлеген» электронды оқулығы.
10. Х.Қожахметова. «Мәнерлеп оқу». Алматы, 1982 ж.
11. С.Тілешева. «Әдебиет сабағында мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру». Алматы, 1984 ж.
12. Ә.Нұрмаханова. «Сөз құдіреті». Алматы, 1971 ж.
13. Ә.Нұрмаханова. «Мәнерлеп оқу мәселелері». Алматы, 1976 ж.


**Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**


1. «Абай» журналы,
2. «Абай». Шығармаларының толық жинағы. 1,2,3,4 томдар.
3. Мұқағали Мақатаев. Толық шығармалар жинағы. 1,2,3,4 томдар.
4. Қ.Шаңғытбаев «Шайыр». Алматы, 2010 ж.
5. Қ.Шаңғытбаев «Лирика». Алматы, 1976 ж.
6. Қ.Шаңғытбаев «Махаббат пен ғадауат». Алматы, 1995 ж.
7. А.С.Пушкин. «Евгений Онегин». Аударған Қ.Шаңғытбаев. Алматы, 2000 ж.

8.Ақындардың өлең жинақтары

«Поэзия әлемі » әдебиеттік оқу үйірмесінің жоспары

**Ұраны: «Білімге құштар жандармыз»**

| № | Жұмыстың тақырыбы | Жүргізілу жолы | Пайдаланылған әдебиеттер | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тіл мерекесіне орай «Тіл түрлеген ғұлама» атты жоба қорғау (7-8 сынып оқушылары) | Кеш | Ахмет таглымы туралы материалдар | Қыркүйек |
| 2 | «Ер Едіге ...» (жыр мүшәйрасы)<br>«Ақын-жазушылар- ұлттық рухани шамшырағы» (Жерлес ақын-жазушылар жырлары хақында)<br>Мектепішілік олимпиадаға қатысып, қорытындысын шығару | Жыр жолдары<br>Зерделеу тест сұрақтары | материалдар | Қазан |
| 3 | Жерлес ақындар поэзиясы жайлы деректер жинақтау | Шығармашылық жұмыстар<br>Конференция | Материал жинақтау | Қараша |
| 4 | Жазушы М.Әуезовтың туғанына 125 жыл<br>«Мақал-сөздің мәйегі» | Деректер жинақтау<br>Сайыс | Әуезов шығармалары<br>Әдеби материалдар | Желтоқсан |
| 5 | «Қазақ солдаты» романының тарихы (Ғ.Мүсіреповтың туғанына 120 жыл);<br>5-8 класс арасында тіл туралы диктант,<br>9-11 класс арасында эссе жазу | слайд жасау<br>эссе,диктант жазу | Ғ.Мүсірепов туралы материалдар<br>Диктанттар, эсселер жинағы | Қаңтар |
| 6 | «Қызыл Жебе» (Жзаушы Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл);<br>«Сөз сырына үңілсем...» 5-7 класс | Оқу, жазу, жаттау<br>Сөз мағыналарын ашу | Ш.Мұртаза туралы деректер (өлең,ереже) | Ақпан |
| 7 | «Абай-қазақтың шамшырағы»апталық | Апталық<br>Ақын жырларын саралап жаттау | Абайдың өлеңдері | Ақпан |
| 8 | Оқушыларды аудандқ кітапхана , мұражай, мәдениет үйіндегі іс- шараларға қатыстыру«Мұқағали -мәңгілік ғұмыр» атты кеш<br>«Ұлы арман» Махамбет оқуын өткізу | Ақын өлеңдерін жатқа айту, өз туындыларына шолу | Мұқағали естеліктері<br>Мұқағали, Махамбет өлеңдері | Ақпан |
| 9 | «Тіл білгірі» сайысы 8-класс<br>«Тіл – ұлттың жаны» дөңгелек | Дебат (Ұлттық болмысты талдау) | Тіл туралы деректер | Наурыз |
| 10 | «Жауһар жырды жүрегінде тербеген» (Фариза Оңғарсынованың туған күніне орай радиохабар жүргізіп , кітап көрмесін ұйымдастыру )<br>«Білім мен парасат бәсекесі» 7 класс<br>«Мен оқыған кітап» 6,7,8 , 10 сыныптар | Әдеби кеш<br>Сайыс | Фариза Оңғарсынованың өлеңдер жинағы | Сәуір |
| 11 | «Оқушы күнделігі» 6,7,8, 10 сыныптар<br>Менің арман-қиялымның шыңы<br>а)(өлең,толғау)<br>б) драма<br>в)проза | Өз туындыларын шығару<br>(Қалаған жанрда ойтолғау | Көркем туынды | Мамыр |

Қазақ тілі және әдебиеті үйірмесінің жетекшісі: Ермекова С.С

## Қазақ әдебиеті

| р/с | Сабақтың тақырыбы | Жалпы сағат саны | Теориялық | Тәжірибелік |
|---|---|---|---|---|
| | **Кіріспе. 1 сағат** | | | |
| 1 | Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы | | | |
| | **Махамбет поэзиясы. 10 сағат** | | | |
| 2 | Даланың дауылпаз ақыны | 1 | 1 | |
| 3-5 | Махамбеттің туған жер туралы өлеңдері | 3 | 1 | 2 |
| 6-8 | Ақынның батырлық, ерлік туралы отты жырлары | 3 | 1 | 2 |
| 9-11 | Махамбеттің Иастайға арнаған өлеңдері | 3 | 1 | 2 |
| | **Абай поэзиясы. 24 сағат** | | | |
| 12 | Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы – Абай Құнанбайұлы | 1 | 1 | |
| 13-14 | Ақын Абайдың табиғат лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 15 | Табиғат лирикасы бойынша сурет. Пейзаж | 1 | | 1 |
| 16-17 | Абайдың азаматтық лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 18-19 | Көңіл-күй лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 20-21 | Саяси лирика | 2 | 1 | 1 |
| 22-23 | Философиялық лирика | 2 | 1 | 1 |
| 24-25 | Махаббат лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 26-28 | Абайдың поэмалары | 3 | 1 | 2 |
| 29-30 | Ақынның аудармалары | 2 | 1 | 1 |
| 31-34 | Абайдың қара сөздері | 4 | 1 | 3 |
| 35 | Абайдың әндері | 1 | | 1 |
| 36 | Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 37-38 | Саяси-әлеуметтік лирика | 2 | 1 | 1 |
| 39-40 | Азаматтық лирика | 2 | 1 | 1 |
| 41-42 | Махаббат лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 43-44 | Философиялық лирика | 2 | 1 | 1 |
| 45-46 | Поэмалары | 2 | 1 | 1 |
| | **Мағжан поэзиясы . /125 жыл/ 9 сағат** | | | |
| 47 | Мағжан Жұмабаев,өмірі мен шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 48-51 | Мағжан өлеңдері | 4 | 1 | 3 |
| 52-54 | Мағжанның поэмалары | 3 | 1 | 2 |
| 55 | Шығармаларының желісі бойынша сурет | 1 | | 1 |
| | **Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясы. / 125 жыл/ 7 сағат** | | | |
| 56 | Өмір жолы, шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 57-59 | Өлеңдері | 3 | 1 | 2 |
| 60-62 | Поэмалары, романдары | 3 | 1 | 2 |
| | **Ілияс поэзиясы. /125 жыл/ 8 сағат** | | | |
| 63 | Өмірі мен шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 64-67 | Ілияс Жансүгіровтың өлеңдері | 4 | 1 | 3 |
| 68-69 | Поэмалары | 2 | 1 | 1 |
| 70 | Шығармаларының желісі бойынша сурет | 1 | | 1 |
| | **Жұбан Молдағалиев . 5 сағат** | | | |
| 71 | Өмірі мен шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 72-73 | Өлеңдері | 2 | 1 | 1 |
| 74-75 | Поэмалары | 2 | 1 | 1 |
| | **Мұзафар Әлімбаев поэзиясы / 95 жыл/. 5 сағат** | | | |
| 76 | Ақынның өмірі мен шығармашылығы | 1 | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 77-78 | Өлеңдері | 2 | 1 | 1 |
| 79-80 | Зерттеу еңбектері | 2 | 1 | 1 |
| | **Мұқағали поэзиясы. 13 сағат** | | | |
| 81 | Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 82-83 | Саяси – әлеуметтік лирика | 2 | 1 | 1 |
| 84-85 | Азаматтық лирика | 2 | 1 | 1 |
| 86-87 | Махаббат лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 88-89 | Философиялық лирика | 2 | 1 | 1 |
| 90-92 | Ақынның поэмалары | 3 | 1 | 2 |
| 93 | Мұқағали өлеңдеріне жазылған әндер | 1 | | 1 |
| | **Төлеген поэзиясы. 5 сағат** | | | |
| 94 | Төлеген Айбергеновтің өмірі мен шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 95-96 | Табиғат лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 97-98 | Азаматтық лирика | 2 | 1 | 1 |
| | **Тұманбай поэзиясы.6 сағат** | | | |
| 99 | Өмірі мен шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 100- 102 | Өлеңдері, өлеңдеріне жазылған әндер | 3 | 1 | 2 |
| 103-104 | Ақынның поэмалары | 2 | 1 | 1 |
| | **Фариза Оңғарсынова.7 сағат** | | | |
| 105 | Ақынның өмірі жолы, шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 106-110 | Ақынның сұлу жырлары | 5 | 1 | 4 |
| 111 | Ақын өлеңдеріне жазылған әндер | 1 | | 1 |
| | **Әбіш Кекілбаев . 7 сағат** | | | |
| 112 | Өмірі мен шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 113-114 | Әбіштің поэзиясы | 2 | 1 | 1 |
| 115-117 | Әбіштің прозасы / әңгімелері/ | 3 | 1 | 2 |
| 118 | Шығармаларынан иллюстрациялық суреттер | 1 | | 1 |
| | **Мұхтар Шаханов поэзиясы. 8 сағат** | | | |
| 119 | Өмір жолы мен шығармашылығы | 1 | 1 | |
| 120-122 | Поэзиясы/ өлеңдеріне жазылған әндер | 3 | 1 | 2 |
| 123-126 | Поэмалары | 4 | 1 | 3 |
| | **Жерлес ақын Қуандық Шаңғытбаевтың поэзиясы. 11 сағат** | | | |
| 127 | Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы | 1 | 1 | |
| 128-129 | Туған жерге арнаған жырлары. | 2 | 1 | 1 |
| 130-131 | Ақынның арнау өлеңдері | 2 | 1 | 1 |
| 132-133 | Табиғат лирикасы | 2 | 1 | 1 |
| 134-135 | Аудармалары | 2 | 1 | 1 |
| 136-137 | Ақын өлеңдеріне жазылған әндер | 2 | 1 | 1 |
| | **Қазіргі заман ақындары. 10 сағат** | | | |
| 138-147 | Қазіргі заман ақындарының поэзиясы | 10 | 2 | 8 |
| | **Поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу. 5 сағат** | | | |
| 148-152 | Мәнерлеп оқуға төселдіру жаттығулары | 5 | | 5 |
| | **Қорытынды. 1 сағат** | | | |

## Үйірменің мүшелері

| р/с | Оқушының аты-жөні | Класы |
|---|---|---|
| 1 | Амандыққызы Ақ[illegible]ты | 7 |
| 2 | Асланова Ди[illegible]ра | 7 |
| 3 | Жақсылықов Саламат | 7 |
| 4 | Карабалеев Алдияр | 7 |
| 5 | Матаева Айдана | 7 |
| 6 | Сагнаева Аружан | 7 |
| 7 | Елепбергенов Азамат | 8 |
| 8 | Каржауан[illegible]аргул | 8 |
| 9 | Жылқышыба[illegible]жеткерген | 8 |
| 10 | Мансорова Аяна | 8 |
| 11 | Махамбетова Дана | 8 |
| 12 | Мулдыкеешева Назерке | 8 |
| 13 | Узакпаев Мереке | 8 |
| 14 | Бақтыгереева Гаухар | 10 |
| 15 | Копдабаева Даяна | 10 |

## Сабақ кестесі

| № | Күні | Уақыты |
|---|---|---|
| 1 | Сәрсенбі | 15:30-17:20 |
| 2 | Бейсенбі | 15:30-17:20 |